

Грант мүмкіндік пе, әлде жоғар бәсекелестік алаңы ма?

Жыл сайын мектеп бітіруші түлектердің саны артып келеді. Мектеп бітірушілер үшін ең маңызды кезеңдердің бірі — ҰБТ тапсырып, білім грантына конкурсқа қатысу.

Кейінгі кезде грантқа түсудің өзі қиындап барады, бірақ жастар арасында өз маңыздылығын жоғалтпайды. Мемлекеттік немесе халықаралық гранттар — жастардың әлеуетін ашуға және қоғамды дамытуға арналған басты мүмкіндіктердің бірі. Жалпы айтқанда, грант — жастардың өз мақсаттарына ешқандай кедергісіз, жылдам әрі тиімді жетуіне көмектесетін маңызды құрал.

Жақын арада ҰБТ форматының өзгеруі ықтималдығы артуда. Дегенмен грант саны жыл сайын көбейіп жатыр. Қазіргі Қазақстанда білім грантын алу **орташа және жоғары деңгейде қиын**, өйткені бұл сіз таңдаған мамандыққа, ҰБТ балына және бәсекелестікке тікелей байланысты. *Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше:* мемлекет жыл сайын грант санын көбейтіп жатқанымен, мысалы, бакалавриатқа **75 371 грант** бөлінді, талапкерлер арасындағы бәсеке де өте жоғары: конкурсқа **127 мыңнан астам** адам қатысады. Тіптен 2027-ші жылы ҰБТ 1 рет тапсырлуы мүмкін. Бұл жастардың грантқа бәсекелестігін күшейтетіні анық. Аида Балаеваның айтуынша — "бұл жаңа кезенге көшу, соның ішінде ҰБТ-ны жетілдіру шешуі рөл атқарады!". **Осы өзгерістер талапкерлердің грантқа түсу мүмкіндігіне қалай әсер ететіні — алдағы уақытта анықталатын мәселе. Сондықтан грант санын арттырумен қатар, білім беру жүйесіндегі іріктеу тетіктерінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету маңызды.**

Бұл деректер грант мәселесінің екі қырын көрсетеді. Бір жағынан, мемлекеттік грант — әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан маңызды мүмкіндік. Себебі талапкердің жоғары білім алуына отбасының қаржылық жағдайы кедергі болмауы мүмкін. Екінші жағынан, грант саны барлық талапкерді қамти алмайды. Сондықтан талапкерлер арасында конкурс қалыптасады. Әсіресе сұранысы жоғары білім беру бағдарламаларында жоғары балл жинаған талапкерлердің өзара бәсекесі күшейеді.

Гранттарды бөлу кезінде еңбек нарығындағы мамандарға деген сұраныс та ескеріледі. 2026 жылғы гранттардың **60 пайызы инженерлік және техникалық бағыттарға** бөлінген. Бұл мемлекеттің экономиканың индустриялық және технологиялық дамуына қажетті кадрларды даярлауға басымдық беріп отырғанын аңғартады.

Меніңше, грант мәселесін тек «**грант саны жеткілікті ме?**» деген сұрақпен бағалау дұрыс емес. Мұнда гранттардың мамандықтар бойынша бөлінуі, талапкерлер саны, еңбек нарығының сұранысы және конкурс талаптарының ашықтығы бірге қарастырылуы керек. Грант санының артуы — оң көрсеткіш. Бірақ талапкерлер саны да көбейіп жатқан жағдайда, бәсекелестіктің сақталуы заңды құбылыс.

Қорытындылай айтқанда, **грант — әрі мүмкіндік, әрі бәсекелестік алаңы**. Ол мыңдаған жасқа сапалы білім алуға жол ашады. Дегенмен грантқа қол жеткізу үшін талапкерден жоғары нәтиже, дұрыс мамандық таңдауы және жүйелі дайындық талап етіледі. Сондықтан қазіргі білім беру саясатының мақсаты грант санын көбейтумен ғана шектелмей, оның **әділ, ашық және еңбек нарығының нақты сұранысына сай бөлінуін қамтамасыз ету** болуы қажет. Сонда грант жастар үшін жай ғана конкурс нәтижесі емес, болашаққа бастайтын нақты мүмкіндікке айналады.